

**8D11210 - «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Сақтау, қайта өндеу, кәдеге жарату және залалсыздандыру процестеріне қойылатын санитарлық талаптарды қолдана отырып, қорғасын өндірісі шлактарының қоршаған ортаға зиянды әсерін зерттеу» тақырыбындағы И.Ғ.Икрамовтың диссертациялық жұмысына**

**ПІКІР**

И.Ғ.Икрамов диссертациялық жұмысын 2020-2023 жылдар аралығында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті «Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» кафедрасында орындалды.

И.Ғ.Икрамовтың диссертациялық жұмысында қорғасын өндірісінің қож қалдықтарын сақтау қоймасы бетінен көтерілетін қож шандарының атмосферада сейілуіне жергілікті жердің метеорологиялық факторлары қолданбалы математика әдісімен талданып, қож шандарының қоршаған ортаға зиянын анықтау лихеноиндикациялау әдісімен жүзеге асырылған.

Ізденуші өндіріс қалдықтарының қоршаған ортаға зиянын шектеу тек оларды қоймаларда сақтаумен ғана жүзеге асырылуы қатты өнеркәсіптік қалдықтарды пайдалану мәселелерін шешуде құрылыш материалдары өнеркәсібінде маңызды рөл атқаратынына көз жеткізген. Түсті металлургия кәсіпорындарында пайда болатын қождардың нақты құрамына байланысты оларды пайдалану проблемасын шешудегі ең перспективалы бағыт кешенді өндеу принципі болып табылатындығына көз жеткізген.

Осылайша, өнеркәсіптік қалдықтарды залалсыздандыру және ұтымды пайдалану тәсілдерін зерттеу және әзірлеу пайдалы өнімдердің шығынын азайту, денсаулық пен қоршаған ортаны улы компоненттермен ластанудан қорғау, жер ресурстарын ұтымды пайдалану және қорғау үшін экологиялық-экономикалық маңызы бар өзекті ғылыми проблема болып саналады.

И.Ғ.Икрамов қалдық сақтау қоймасынан зиянды заттардың тарауына жел бағыттары мен жел жылдамдықтарының әсері көрсетіле отырып, атмосфераға көтерілетін зиянды заттардың сейілу диаграммасының экологиялық картасын жасаған. Қоршаған ортаның ластануын, оған қож қалдықтарының әсерін бағалау жұмыстарын жүргізу барысында, қалдық сақтайтын қойма маңындағы ағаш діндерінде өсетін қыналарға қож шандарының кері әсерін зерттеу жұмыстары мөлдір жақтаулардың көмегімен анықтаған.

Зерттеу нәтижелері докторанттың 14 баспа жұмыстарында жарық көрді. Атап айтқанда Scopus дереккорына кіретін халықаралық ғылыми баспаларда 2 мақала, ҚР ФЖЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 3 мақала, халықаралық және республикалық конференциялардың материалдарында 9 мақала жарияланған.

И.Ғ.Икрамовтың диссертациялық жұмысында алынған нәтижелердің дербестігі мен нақтылығы жұмыста зерттеу жүргізудің заманауи әдістерін пайдалану арқылы қамтамасыз етілген. Диссертациялық жұмыста алынған ғылыми-зерттеу нәтижелері зертханалық нәтижелермен қамтамасыз етіліп, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-турік университеті, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Шымкент университеттерінің оқу-өндірістік үдерісіне енгізіліп, қорытынды шынайы түрде тұжырымдалған.

Диссертациялық мақсатты, міндеттерді автор өз бетінше шешкен.

Диссертацияның барлық бөлімдері бір-бірімен байланысты, бірін-бірі толықтырады және академиялық адалдық принциптері сақталған.

Ізденушінің диссертациялық жұмысына қойылған мақсат, міндеттері, зерттеу көлемі, пайдаланылған әдістер мен ғылыми жаңалығымен тәжірибелік өзектілігі ерекше жоғары орын алады, сол себепті 8D11210 - «Қоршаган ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуда диссертацияға қойылатын талаптарға сай келетін ғылыми еңбек деп есептеймін.

И.Ф.Икрамовты 8D11210-«Қоршаган ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынамын.

### Ғылыми кеңесші

Қожа Ахмет Ясауи атындағы

Халықаралық қазақ-түрік университеті

«Биология» кафедрасының менгерушісі

Т.Ф.К., доцент м.а., ҚазҰЖФА

корреспондент-мүшесі

